

## Рудный қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 511 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) 2014 жылғы 5 қарашадағы № 2043 "Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5214 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 желтоқсанда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған);

2) 2016 жылғы 18 наурыздағы № 276 "Әкімдіктің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 2043 "Рудный қалалық әкімдігінің "Рудный қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6248 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 сәуірде "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*Б. Ғаязов*